

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»

Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз
университетінің ректоры,
п.ғ.д., профессор



М. Сарыбеков


20__ ж.



ЖҰМЫС НҰСҚАУЛЫҚ
ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ (ЖОБАНЫ) ҰЙЫМДАСТЫРУ
СМЖЕ 3-2-12-2023


Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Тараз 20__ ж.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-12
	Академиялық саясат басқармасы Жұмыс нұсқаулық дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыру	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023


АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ:
ӘЗІРЛЕГЕНДЕР: – Академиялық саясат басқармасымен
– Академиялық саясат басқармасының басшысы
А.Н. Наренова
2. КЕЛІСІЛДІ: – Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор
А.С. Кадырова
3. УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫНЫҢ 05.09.2025.Ж. №01/001 ӨКІМІМЕН БЕКІТІЛДІ
ЖӘНЕ ІСКЕ ЕНГІЗІЛДІ.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-12
	Академиялық саясат басқармасы Жұмыс нұсқаулық дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыру	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

МАЗМҰНЫ

№		беті
1	Қолданылу саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Терминдер мен анықтамалар.....	4
4	Процедураның сипаттамасы.....	5
	4.1 Жалпы ережелер.....	5
	4.2 Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптарына қойылатын талаптар.....	5
	4.3 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу талаптары.....	6
	4.4 Диплом жұмысының (жобаның) мазмұны мен құрылымы.....	7
	4.5 Диплом жұмысын (жобасын) рәсімдеу тәртібі.....	8
	4.6 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға ұсыну тәртібі.....	11
	4.7 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау тәртібі.....	13
	4.8 Дипломдық жұмысты (жобаны) сақтау тәртібі.....	13
5	Кешенді дипломдық жұмыс/жобаны орындау және қорғауды ұйымдастыру..	13
6	Жұмыс нұсқауын тарату, таныстыру және өзгерістер енгізу тәртібі.....	15
	Қосымшалар:	
	<i>А қосымшасы Өтініш дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбына.....</i>	17
	<i>Б қосымшасы Өтініш кешенді дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбына.....</i>	18
	<i>В қосымшасы Диплом жұмысының (жобаның) мұқабасын (сыртқы бетін) рәсімдеу үлгісі.....</i>	19
	<i>Г қосымшасы Диплом жұмысының (жобаның) титул бетін рәсімдеу үлгісі.....</i>	20
	<i>Д қосымшасы Дипломдық жобаны (жұмысты) орындауға арналған тапсырмалар</i>	21
	<i>Е қосымшасы Дипломдық жұмыстың мазмұнын рәсімдеу.....</i>	23
	<i>Ж қосымшасы Кіріспе құрылымы.....</i>	24
	<i>З қосымшасы Дипломдық жұмысты дайындау барысында жиі жіберілетін қателіктер.....</i>	25
	<i>И қосымшасы Мәтіндегі бөлімдерді рәсімдеу.....</i>	28
	<i>К қосымшасы Пайдаланылған әдебиеттерді жазу (10 жыл аралығында) үлгілері..</i>	29
7	Келісу парағы.....	30
8	Танысу парағы.....	31
9	Өзгерістерді енгізу парағы.....	32

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-12
	Академиялық саясат басқармасы Жұмыс нұсқаулық дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыру	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Ұсынылып отырған жұмыс нұсқаулығы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде диплом жұмысын (жобасын) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Осы жұмыс нұсқаулығы университеттің бітіруші курс білім алушылары диплом жұмыстарын (жобаларын) жазу және қорғау талаптары анықталған кезде, сондай-ақ жоғары оқу орнындағы мемлекеттік аттестациялау және аккредитация жүргізу барысында қолданылады.

Осы жұмыс нұсқаулығы сондай-ақ келесі жағдайларда пайдаланылады:

- университет қызметін іштей және сырттай бағалау (аудит) кезінде;
- нормативтік құжаттарға сәйкестікті қамтамасыз ететін әзірлеушілер үшін.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы жұмыс нұсқаулығы мынадай заңнамалық және нормативтік-нұсқаулық құжаттарды ескере отырып әзірленді:

2.1 "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

2.2 "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.

2.3 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 Бұйрығы.

2.4 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

2.5 "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы.


2.6 Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Антиплагиат» жүйесінде жазба жұмыстарын плагиатқа тексеру тәртібі туралы Ереже.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Дипломдық жоба – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы;

Дипломдық жұмыс – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес студенттің өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерін жинақтауды білдіретін бітіру жұмысы;

Оқу бағдарламасы – әр пән бойынша меңгерілуі тиіс білім мазмұны мен көлемін, білім алушының қалыптастыруы тиіс құзыреттерін, ептіліктері мен дағдыларын айқындайтын құжат;

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-12
	Академиялық саясат басқармасы Жұмыс нұсқаулық дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыру	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

Оқу жоспары – білім беру деңгейіне сәйкес оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқыту тәртібі мен бақылау түрлерін белгілейтін негізгі құжат.

4. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1. Осы стандарттың мақсаты — диплом жұмыстарына (жоба) ұсынылған жалпы талаптарды анықтау.

4.1.2. Диплом жұмысы (жоба) жазбаша бітіру жұмысы болып табылады, егер де бұл мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында және мамандықтардың оқу жоспарында қарастырылған болса, жоғары оқу орнында білім алушылар оқудың соңғы аяқталу кезеңінде орындайды.

4.1.3. Диплом жұмысы (жоба) мынадай мақсатта әзірленеді:

- Білім беру бағдарламасы/мамандық бойынша теориялық білімі мен тәжірибелік дағдысын жүйелеуге, бекіту мен кеңейтуге және нақты ғылыми, техникалық, экономикалық, өндірістік, сонымен қатар мәдени мақсаттарды шешуге;

- Ғылыми зерттеу әдісін меңгеру және өз бетінше жұмыс жүргізе алу мен мәселелерді шешу кезіндегі эксперимент жүргізу дағдыларын дамыту;

- Студенттің қазіргі заманғы өндіріс, ғылым, техника, мәдениет және кәсіби құзырлылық жағдайындағы өзбетілік жұмысқа дайындығын анықтау.

4.1.4. Диплом жұмысы (жоба) белгілі бір білім беру бағдарламасы/мамандық пен ғылым саласының өзекті мәселесін зерттеу және өзбетінше ізденіс нәтижелерін қорытындылайды.

4.1.5. Диплом жұмысы ғылыми жетекшінің жетекшілігімен орындалады және мына келесі талаптарға жауап беруі тиіс.

4.1.6. Ғалымдармен, аналитиктермен, практиктермен, атап айтқанда, инженерлермен, конструкторлармен, менеджерлермен, экономистермен бірге өткізілген зерттеулер мен жобалар шешімдерінің қорытындылануы.

4.1.7. Зерттелген объектілер бойынша ғылыми негізделген теориялық тұжырымдардың болуы.

4.1.8. Нақты мәселелерді шешуді қамтамасыз ететін ғылыми негізделген нәтижелердің болуы.

4.2 Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптарына қойылатын талаптар


4.2.1. Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыптары ғылымның, техниканың және мәдениеттің қазіргі даму деңгейі мен келешек үрдістеріне сай болуы тиіс және мазмұны жағынан осы құжаттың 4.5-бабында көрсетілген талаптарға жауап беруі қажет.

4.2.2. Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптарын анықтау барысында өндіріс, ғылым және мәдениет салаларындағы өзекті мәселелер мен нақты міндеттерді ескеру ұсынылады. Тақырыптар білім беру бағдарламасының және мамандарды даярлау бағытына сәйкес келуі қажет.

4.2.3. Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптары шығарушы кафедра тарапынан әзірленіп, факультет кеңесінде бекітіледі.

4.2.4. Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптарының кемінде 30%-ы жыл сайын жаңартылып отыруы тиіс.

4.2.5. Студенттерге дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыптары бекітілген тізімнен таңдау ұсынылады. Сонымен қатар, студенттерге бекітілген тізімнен тыс тақырыпты таңдау құқығы беріледі. Мұндай жағдайда студент өз таңдауының

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-12
	Академиялық саясат басқармасы Жұмыс нұсқаулық дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыру	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

негіздемесін көрсететін тұжырымдамалық ұсынысты немесе тиісті ұйымнан алынған ресми хатты кафедраға ұсынуы тиіс.

4.2.6. Диплом алдындағы өндірістік тәжірибеге дейін студенттің дипломдық жұмысының (жобасының) тақырыбы мен ғылыми жетекшісі жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде бекітіледі. Диплом алдындағы өндірістік тәжірибе аяқталғаннан кейін, қажетті жағдайларда, шығарушы кафедраның ұсынысы бойынша дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы нақтылануы, түзетілуі немесе өзгертілуі мүмкін.

4.3 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу талаптары

4.3.1 Әр білім алушыға диплом жұмысын (жобасын) орындау үшін кафедраның ұсынуымен ғылыми жетекші тағайындалады.

4.3.2 Дипломдық жұмысқа (жобаға) жетекшілік ету тиісті бейіндегі оқытушыларға және (немесе) кадрларды даярлау бағытына сәйкес жұмыс тәжірибесі кемінде 10 (он) жыл болатын мамандарға жүктеледі.

4.3.3 Ғылыми жетекшінің міндеттері:

- диплом жұмысына (жобаға) тапсырма беру;
- білім алушыға диплом жұмысының орындалу кезеңдерін қамтитын күнтізбелік кесте құруға көмектесу;
- тақырыпқа қатысты негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және архивтік материалдарды, типтік жобалар мен дереккөздерді ұсыну;
- күнтізбелік кестенің орындалуын бақылау үшін кеңес (консультация) кестесін ұйымдастыру;
- диплом жұмысының тараулар көлемін анықтап, білім алушы мен консультанттың жұмысын үйлестіру.

4.3.4 Диплом жұмысына (жобаға) тапсырма келесі құрамда беріледі:

- бастапқы материалдар мен дереккөздердің сипаттамасы;
- зерттеу сұрақтарының тізімі;
- ұсынылатын әдебиеттер тізімі;
- кестелік материалдар тізімі (кестелер, диаграммалар, үлгілер);
- диплом жұмысының (жобаның) күнтізбелік кестесі.

Тапсырма кафедра меңгерушісімен бекітіліп, аяқталу мерзімі көрсетіледі және диплом жұмысына тігіледі.


4.3.5 Жұмыс кезеңдерін қамтитын күнтізбелік кесте жасалып, ғылыми жетекшімен келісу арқылы бекітіледі.

4.3.6 Қажет болған жағдайда ғылыми жетекшінің ұсынуымен кафедра тарапынан диплом жұмысының (жобаның) жекелеген тараулары бойынша консультанттар тағайындалады.

4.3.7 Консультанттар ретінде профессорлар, доценттер, тәжірибелі оқытушылар, ғылыми қызметкерлер, басқа ұйымдардан жоғары білікті мамандар шақырылуы мүмкін. Әр консультант өз тарауына сараптама жүргізіп, қол қояды.

4.3.8 Шығарушы кафедра диплом жұмысы (жобасы) орындалмас бұрын әдістемелік нұсқаулық әзірлеп, білім алушыларды қамтамасыз етеді. Талаптар білім беру бағдарламасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес келуі тиіс.

4.3.9 Кафедра меңгерушісі студенттің есеп беру мерзімдерін белгілейді. Аталған мерзімде студент ғылыми жетекшінің және кафедра меңгерушісінің алдында есеп береді. Бұл деректер факультет деканына ұсынылады.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-12
	Академиялық саясат басқармасы Жұмыс нұсқаулық дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыру	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

4.3.10 Диплом жұмысы (жоба) білім беру бағдарламаға/мамандыққа қатысты негізгі әдебиеттерді (оқулықтар, монографиялар, басылымдар, лекциялар, шет тіліндегі журналдар, нормативтік құжаттар) терең зерттеу негізінде орындалады.

4.3.11 Диплом жұмысының (жобаның) тапсырмалары теориялық және практикалық мәселелерді қамтуы тиіс. Мысалы, инженерлік бағытындағы білім беру бағдарламасыда/мамандықтарда:

- автоматтандырылған және кешенді өндіріс механизмдері,
- стандарттау,
- ғылыми еңбекті ұйымдастыру және өндірісті басқару,
- экономикалық негіздеме,
- еңбек қорғау және өндірістік экология бөлімдері міндетті түрде енгізіледі.

4.3.12 Диплом жұмысының (жобаның) негізгі мазмұны:

- шығармашылық ой,
- зерттеу әдістерін қолданудың негіздемесі,
- есептеу әдістері мен олардың нәтижелері,
- тәжірибе сипаттамасы және талдауы,
- техникалық-экономикалық нұсқаларды салыстыру.

Мәтін кестелермен, сызбалармен, диаграммалармен, эскиздермен сүйемелденуі қажет.

4.3.13 Диплом жұмысы (жобасы) жоғары оқу орнында, өндірісте, ғылыми немесе жобалау ұйымдарында орындалуы мүмкін.

4.3.14 Барлық жазбаша жұмыстар Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті (Университет) академиялық адалдық қағидаларына сәйкес плагиатқа тексеріледі. Түпнұсқалық нормалары әр оқу жылының басында Ғылыми кеңесте бекітіледі.

4.3.15 Мүмкіндігі шектеулі білім алушылармен жұмыс жасау барысында олардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен физикалық шектеулер ескеріледі. Оларға ғылыми жетекшілермен тығыз байланыс орнатылып, ата-аналармен жеке кездесулер ұйымдастырылады.


4.4 Диплом жұмысының (жобаның) мазмұны мен құрылымы

4.4.1 Диплом жұмысы (жоба) – бұл бітіруші курс білім алушысы таңдаған білім беру бағдарламасына/мамандыққа сәйкес, өз бетінше орындайтын қолжазба түріндегі ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

4.4.2 Диплом жұмысының (жобаның) көлемі, жалпы ереже бойынша, 60–90 бет аралығында болуы тиіс. Гуманитарлық бағыттарда көлемі 100 бетке дейін ұлғаюы мүмкін, ал жаратылыстану және шығармашылық бағыттарында – кемінде 40 бет. Қосымшалар аталған негізгі көлемге кірмейді.

4.4.3 Диплом жұмысының (жобаның) құрылымы төмендегі элементтерден тұрады (қосымшаларда Б, В, Г, Д, Е, Ж, З, И, К):

- мұқаба (сыртқы беті);
- титул беті;
- диплом жұмысына (жобаға) берілген тапсырма;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды (тұжырымдар);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-12
	Академиялық саясат басқармасы Жұмыс нұсқаулық дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыру	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

- қосымшалар.

4.4.4 Мұқабада келесі ақпараттар көрсетіледі:

- диплом жұмысы (жоба) орындалған білім беру ұйымының атауы;
- білім алушының тегі, аты-жөні;
- диплом жұмысының (жобаның) атауы;
- жұмыстың түрі – «Диплом жұмысы» немесе «Дипломдық жоба»;
- білім беру бағдарламасының/мамандықтың атауы және коды;
- орындалған қала және жылы.

4.4.5 Титул беті – диплом жұмысының (жобаның) бірінші беті болып табылады және құжатпен жұмыс істеуге, оны сақтау мен іздеуге қажетті ақпарат көзі қызметін атқарады. Онда мына мәліметтер беріледі:

- диплом жұмысы (жоба) орындалған ұйымның атауы;
- кафедраның атауы;
- шектеу грифі (қажет болған жағдайда);
- кафедра меңгерушісінің қолы (бекітілген);
- жұмыстың түрі (диплом жұмысы немесе жоба);
- «тақырыбына» деген сөздің көрсетілуімен жұмыстың толық атауы;
- білім беру бағдарламасының/мамандықтың атауы және коды;
- сол жағында «Орындаған», оң жағында білім алушының тегі, аты-жөні;
- бір жол төмен – ғылыми жетекшінің ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және аты-жөні;

- қала және жыл.

Мұқаба мен титул бетті рәсімдеу тәртібі А және Ә қосымшаларында көрсетіледі.

4.4.6 Мазмұнына диплом жұмысының барлық құрылымдық элементтері: кіріспе, тараулар мен тараушалар, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар атаулары мен бет нөмірлері енгізіледі.

4.4.7 Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы, ғылыми мәселенің қазіргі жай-күйіне талдау, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, нысаны, теориялық және әдіснамалық негіздері сипатталады.

4.4.8 Негізгі бөлімде диплом жұмысы аясында жүргізілген зерттеулердің мазмұны, әдістемесі және нәтижелері баяндалады. Бұл бөлім, әдетте, бөлімдер мен бөлімшелерге (тараулар мен параграфтарға) бөлінеді.

4.4.9 Қорытындыда зерттеу нәтижелері қысқаша тұжырымдалады, қойылған міндеттердің орындалу деңгейі бағаланады және зерттелген объектіге байланысты нақты ұсыныстар беріледі.


4.4.10 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес ресімделеді.

4.4.11 Қосымшаларда негізгі бөлімде қамтылмаған, бірақ жұмыстың мазмұнын ашуға көмектесетін қосымша материалдар беріледі.

4.4.12 Диплом жұмысында (жобада) келтірілген шешімдердің, деректердің объективтілігі мен дұрыстығына жауапкершілікті диплом жұмысының (жобаның) авторы – білім алушы өз мойнына алады.

4.5 Диплом жұмысын (жобасын) рәсімдеу тәртібі

4.5.1 Диплом жұмысы (жобасы) компьютерде А4 форматты парактың бір жағына, бір аралық (интервал) сақталып орындалады. Шрифт — кәдімгі, кегль — 14.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-12
	Академиялық саясат басқармасы Жұмыс нұсқаулық дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыру	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

Мәтін парақ шеттерінен қалдырылатын ашық орындар (поля) келесі мөлшерде болуы тиіс: сол жағынан — 30 мм, жоғары жағынан — 20 мм, оң жағынан — 10 мм және төменгі жағынан — 25 мм.

Ерекше назар аударылатын терминдерге, формулаларға, теоремаларға және компьютерлік жағдайларда әртүрлі гарнитуралы шрифттерді қолдануға рұқсат етіледі.

4.5.2 Диплом жұмысы (жобасы) қандай тәсілмен орындалғанына қарамастан, басылған мәтіннің сапасы мен иллюстрациялар, кестелердің ресімделуі компьютерден басып шығарылған кездегі анықтылық талабына сай болуы тиіс.

4.5.3 Диплом жұмысын (жобаны) әзірлеу барысында пайда болған қателер мен графикалық дәлсіздіктерді қолмен түзетуге рұқсат етілмейді.

4.5.4 Диплом жұмысында (жобада) келтірілетін тұлғалардың тегі, мекеме, ұйым, фирма атаулары, өнім атаулары және басқа жалқы есімдер түпнұсқа тілінде беріледі.

4.5.5 Диплом жұмысының (жобаның) құрылымдық элементтерінің атаулары: «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілеулер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» және т.б. тиісті бөлімдердің басында көрсетілуі тиіс.

4.5.6 Диплом жұмысын (жобаны) бөлімдер мен бөлімшелерге бөлу қажет. Әрбір бөлім мен бөлімше аяқталған, мазмұнды ақпараттан тұруы керек.

4.5.7 Бөлім атаулары диплом жұмысының (жобаның) тақырыбын ашып көрсетуі тиіс, ал бөлімше атаулары өзіне қатысты бөлімнің мазмұнын нақты сипаттауы қажет.

4.5.8 Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары олардың мазмұнын нақты әрі қысқа түрде көрсетуі тиіс.

Бөлімдер мен бөлімшелердің тақырыптары абзацтан кейін бас әріппен, соңында нүктесіз және асты сызылмай жазылады.

Егер атау екі сөйлемнен тұрса, олар нүктемен бөлінеді.

4.5.9 Диплом жұмысының (жобаның) беттері араб цифрларымен нөмірленеді. Бет нөмірі парақтың төменгі жағының ортасына, нүктесіз қойылады.

4.5.10 Титул беті жалпы беттердің нөмірлеуіне енгізіледі, бірақ оның өзіне нөмір жазылмайды.

4.5.11 Жекелеген беттерде орналасқан иллюстрациялар мен кестелер де диплом жұмысының (жобаның) жалпы бет санына кіреді.

A3 форматындағы иллюстрациялар мен кестелер бір бет ретінде есептелінеді.

4.5.12 Диплом жұмысының (жобаның) барлық құрылымдық бөлімдері абзацтан кейін араб цифрларымен, нүктесіз реттік нөмірлермен белгіленуі тиіс.

Бөлімшелер өз бөлімдерінің шегінде нөмірленеді. Бөлімше нөмірі бөлім мен бөлімше нөмірінен тұрады, олар нүктемен бөлінеді. Бөлімше нөмірінің соңына нүкте қойылмайды. Әр бөлім екі немесе одан да көп бөлімшеден тұруы керек.

Мысал

1. Типтік және негізгі мөлшері

1.1

1.2

1.3



Құжаттың бірінші бөліміндегі бөлімшенің нөмірленуі

2. Техникалық талаптар


2.1

2.2

2.3



Құжаттың екінші бөліміндегі бөлімшенің нөмірленуі

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-12
	Академиялық саясат басқармасы Жұмыс нұсқаулық дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыру	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

4.5.13 Диплом жұмысының (жобасының) әр бөлімі жаңа парақтан (беттен) басталуы тиіс. Бір бөлім ішіндегі бөлімшелер бір-бірінен мәтіннен екі жол төмен түсіріліп бөлінеді.

4.5.14 Диплом жұмысының (жобасының) барлық беттері, соның ішінде қосымшалар да, нөмірленуі қажет.

4.5.15 Диплом жұмысындағы (жобадағы) иллюстрациялар (сызбалар, карталар, кестелер, схемалар, диаграммалар, суреттер) мәтінде көрсетілген сілтемеден кейін бірден орналасуы қажет. Иллюстрациялар түрлі-түсті немесе компьютермен орындалуы мүмкін. Барлық иллюстрацияларға мәтін ішінде сілтеме жасалуы тиіс.

4.5.16 Диплом жұмысында (жобада) орналасқан сызбалар, кестелер, диаграммалар, схемалар, иллюстрациялар конструкторлық құжаттардың бірыңғай жүйесі (КҚБЖ) мемлекеттік стандартының талаптарына сай орындалуы тиіс.

4.5.17 Қосымшадан тыс иллюстрациялар диплом жұмысының (жобаның) бүкіл көлемінде араб сандарымен реттік нөмірмен нөмірленеді. Егер иллюстрация біреу ғана болса, ол "Сурет 1" деп аталып, атауы "Сурет" сөзінен кейін жолдың ортасына жазылады.

4.5.18 Иллюстрацияларды бөлім ішінде нөмірлеуге болады. Бұл жағдайда нөмір нүктемен бөлінген бөлімнің және суреттің реттік санынан құралады. Мысалы: Сурет 1.1.

4.5.19 Қажет болған жағдайда иллюстрацияға түсіндірме мәтін мен атауы қосылып беріледі. Бұл жағдайда мынадай түрде жазылады: Сурет 1 – Банк жүйесінің құрылымы.

4.5.20 Иллюстрацияға мәтін ішіндегі сілтеме келесі түрде беріледі: "2-суретке сәйкес" (жалпы нөмірлеу кезінде), "1.2-суретке сәйкес" (бөлім ішілік нөмірлеуде).

4.5.21 Кестелер көрнекі құрал ретінде және мәліметтерді салыстыру үшін пайдаланылады. Кестенің атауы оның мазмұнын қысқаша және нақты сипаттауы тиіс. Атауы кестенің үстіне, абзацтан кейін «Кесте 1» сөзімен басталып, келесі жолға жазылады.

4.5.22 Кестелер мәтін ішінде сілтеме жасалғаннан кейін орналастырылады.

4.5.23 Диплом жұмысында (жобада) барлық кестелерге сілтеме жасалуы қажет. Сілтемеде «кесте» сөзі мен оның нөмірі көрсетілуі тиіс.

4.5.24 Үлкен көлемдегі кестені келесі бетке көшіруге болады. Мұндайда бірінші бөлікте «Кесте 1», ал жалғасында «1-кестенің жалғасы» деп жазылады. Кесте тақырыбы тек бірінші бөліктің үстіне жазылады. Кесте жалғасқанда төменгі шекара сызығы салынбайды. Көп графалы кестелер қосымшада беріледі.

4.5.25 Егер кестеде бір сөзден тұратын мәтін бірнеше рет қайталанса, алғаш жазылған соң тырнақша қойылады. Екі немесе одан көп сөзден тұратын болса, алғашында толық жазылып, келесісінде «ол да солай» деп, әрі қарай тырнақшамен алмастырылады. Сан, белгі, символдар қайталанса, тырнақша қолданылмайды. Ал кей жолдар бос болса, сызықша қойылады.


4.5.26 Қосымшадағы кестелерден басқа барлық кестелерге араб сандарымен нөмір берілуі тиіс.

4.5.27 Кестелерді бөлім ішінде де нөмірлеуге рұқсат етіледі. Мұндайда кесте нөмірі бөлім мен кесте реттік саны арқылы нүктемен бөлінеді.

4.5.28 Кесте жолдары мен баған атаулары бас әріппен, ал ішкі тақырыптары – бір сөйлем болса кіші әріппен, дербес мәнге ие болса бас әріппен жазылады. Нүкте қойылмайды.

4.5.29 Кестенің сол, оң және төменгі жақтары әдетте сызықпен шектеледі. Кесте шрифті мәтіндегіден кіші болуы мүмкін. Баған атаулары кесте жолымен қатар жазылады, қажет болса – перпендикуляр. Кесте басы қалған бөлігінен жеке сызықпен бөлінеді.

4.5.30 «Ескерту» сөзі абзацтан бас әріппен жазылуы және сызылмауы тиіс.

 SHEIKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-12
	Академиялық саясат басқармасы Жұмыс нұсқаулық дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыру	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

4.5.31 Егер мәтін мазмұнына, кесте немесе графикалық материалдарға түсінік не анықтамалық мәліметтер қажет болса, дипломдық жұмысқа ескерту енгізіледі.

4.5.32 Ескертуді ескерту қатысты мәтіннен, графикалық материалдан кейін немесе кестеге орналастырады. Егер ескерту біреу болса, онда «Ескерту» сөзінен кейін сызықша қойылып, ескерту бас әріппен жазылады. Бір ескерту нөмірленбейді. Бірнеше ескертулер арап сандарымен рет-ретімен нүктесіз нөмірленеді. Кестелер бойынша ескерту кестенің аяқталуын білдіретін соңғы сызықтың үстінен жазылады.

4.5.33 Формулалар және теңдеулер мәтіннен басқа жеке жолға бөліп көрсетіледі. Әрбір формулалар және теңдеулердің жоғары және төменгі жағынан бос, бір жолдан кем емес орын қалдыру қажет. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол теңдеу теңдік таңбаларынан кейін (=) немесе қосу белгісінен кейін (+), алу (-), көбейту (X), бөлу (:), немесе математикалық белгілерден кейін көшірілуі тиіс және келесі жолдардың басында таңба тағы қайталанатын.

4.5.34 Символдар мен сандық коэффициенттердің мағыналарын түсіндіру формулаға сәйкес келтіріліп, формулада берілген бірізділікпен жүргізілу керек.

4.5.35 Диплом жұмысындағы (жобадағы) формулаларды реттік нөмірлермен нөмірлеу барлық жұмыс шегінде дөңес жақшаға алынып, арап сандарымен оң жақ шетте бір жолда қарастырылады.

4.5.36 Мәтіндегі формулалардың реттік нөміріне сілтеме жақшаға алынып жасалады. Мысалы - (1) формулада.

4.5.37 Бөлімше шегінде (ішіндегі) формулаларды нөмірлеуге рұқсат беріледі. Мұндай жағдайда формула нөмірлері нүктемен бөлінген бөлімнің нөмірлері мен формулалардың реттік нөмірінен тұрады, мысалы (3.1).

4.5.38 Пайдаланған дерек көздеріне сілтемелер квадратты (шаршылы) жақшаға алынады.

4.5.39 Дерек көздері туралы мәлімет диплом жұмысының (жобаның) мәтіндегі дерек көздерінің сілтемелерінің жасалу реті бойынша орналасу керек және абзацтан кейін арап сандарымен нүктесіз нөмірленеді.

4.5.40 Қосымшалар осы диплом жұмысының (жобаның) жалғасы ретінде келесі парақтарына рәсімделеді.

4.5.41 Диплом жұмысының (жобаның) мәтінде барлық қосымшаларға сілтеме болуы тиіс. Қосымшалар мәтіндегі сілтемелердің ретіне қарай орналасады.


4.5.42 Әрбір қосымша жаңа беттен басталып «Қосымша» сөзі мен атауы беттің жоғарғы жағының ортасында көрсетілуі тиіс. Қосымшаның аты болуы қажет, ол жеке жолға, мәтінге симметриялы түрде бас әріппен жазылады. Егер дипломдық жұмыс (жоба) бір қосымшадан тұрса, онда белгілемей жіберіледі.

4.5.43 Қосымшалардың диплом жұмысының (жобаның) қалған бөлімдерімен басынан басталатын ортақ нөмірлері болуы тиіс.

4.6 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға ұсыну тәртібі

4.6.1 Дипломдық жұмыс (жоба) алдын ала қорғаудан өту үшін шығарушы кафедраға электрондық түрде тапсырылады.

4.6.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғау кафедраның ашық отырысында білім алушылардың және міндетті түрде ғылыми жетекшілердің міндетті түрде қатысуымен және қажет болған жағдайда, ғылыми консультанттардың қатысуымен өткізіледі. Алдын ала қорғау кафедра отырысының хаттамасымен рәсімделеді.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-12
	Академиялық саясат басқармасы Жұмыс нұсқаулық дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыру	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

4.6.3 Алдын ала қорғаудан ойдағыдай өткен, қойылған талаптарға сәйкес ресімделген, аяқталған дипломдық жұмыс (жоба) ғылыми консультант пен білім алушының қолы қойылып, ғылыми жетекшіге ұсынылады.

4.6.4 Ғылыми жетекші диплом жұмысына (жобасына) жазбаша сын-пікір жазады. Диплом жұмысы (жоба) қабылданған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қойып және қорғауға жіберілгендігі туралы жазбаша пікірмен бірге кафедра меңгерушісіне ұсынады. Диплом жұмысы (жоба) қабылданбаған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қоймайды, бірақ жазбаша сын-пікір жазады, диплом жұмысының (жобаны) қорғауға жіберілмегендігі жөніндегі өзінің жазбаша сын-пікірін жазады.

4.6.5 Осы материалдардың негізінде кафедра меңгерушісі диплом жұмысына (жобаға) нақты соңғы тұжырымын шығарады да, оны титул бетіне жазады. Егер кафедра меңгерушісі білім алушылардың диплом жұмысын қорғауға жіберуге болмайды деп шешсе, бұл сұрақ білім алушы мен ғылыми жетекшінің қатысуымен кафедра отырысында қаралады. Кафедра отырысының хаттамасы жоғары оқу орнының ректорына бекітуге ұсынылады.

4.6.6 Шығарушы кафедраның қорғауға ұсынған диплом жұмысы (жоба) пікір жазу үшін факультет деканына жіберіледі.

4.6.7 Шығарушы кафедра меңгерушісінің өндіріс және ғылыми ұйымдардың мамандары арасынан ұсынған пікір жазушылардың тізімі ректордың бұйрығымен бекітіледі. Пікір жазушылар ретінде басқа жоғары оқу орындарының профессорлары, доценттері, оқытушылары қатыстырылады.

4.6.8 Пікір жазушылардың базалық жоғары білімі болуы тиіс және/немесе қорғалатын диплом жұмысының (жобасының) профиліне сәйкес ғылыми атағы, ғылыми немесе академиялық дәрежесі болуы тиіс.


